



# ПРИОЗЕРСКИЙ ВЕСТНИК

№ 50/746  
17 декабря 2021 года

Қазақстанның тәуелсіздігіне 30 жыл

## ТӘУЕЛСІЗДІК - КИЕЛІ ҰҒЫМ

**Пай! Пай! Пай!**  
**Киелі неткен жер!**  
**Батырлар дүрілдеп өткен жер,**  
**Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер!**

*Муқағали Мақатаев*

«Тәуелсіздік» деген сөздің мағынасы қандай терең, астары қандай кең десеңізші! Ол – өлең, ол – ән, ол – сұлулық, ол – асқақ арман, ол – шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Бір ғана сөз бейбітшілікке, бақытқа, сәттілікке, достыққа және сыйластыққа жетелейді, жанына жылылық пен дербестікті ұялатады. Шынын мәңгі қар басқан биік таулары, сарқырай аққан өзендері, мөлдір сулы көлдері, шет-қиыры көзге көрінбейтін жазық далалары, қойнауында ұлан-асыр кен байлықтары тасып жатқан қуатты өлке, құт-мекеннің мәртебесі жоғары, тұғыры биік. Солай дей отырсақ та бүгінгі таңдағы әлем мойындаған Қазақстанмен еркіндікті аңсаумен бодандықта болған Қазақстанды салыстыру қиын.

«Өз-өзін тапқан адам өзге адамның пікіріне бағынышты болудан арылады», - деп Георгий Александров айтқандай, еліміздің қашан да тәуелсіздікті аңсап, тәуелсіздік жолында тынбай күресуі нәтижесінде ешкімнің ықпалына көнбейтін қуатты мемлекет болып әлем сахнасынан көріне бастады. Дегенмен бізге бұл оңай жолмен келе қойған жоқ. Тамырын тереңге жайған тарихымызға көз жіберсек, еліміздің ел болып қалыптасуына мыңдаған жылдар кеткеніне көз жеткіземіз. Жерімізге көз тіккен жауыз жоңғарлармен 150 жылға жуық шайқасып, ата-бабамыз қасықтай қаны қалғанша жерімізді қорғап қалды емес пе? Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай сияқты батырларымыздың «Қайтсек те жауға бермейміз» - деген ұранмен қол бастап, жауынгерлеріміздің рухын көтергені, Отанына деген махаббатын оятқаны бәрімізге аян. Батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі түрлі мемлекеттермен аста-

сып жатқан ұлан-ғайыр даланы жат жұртқа бермеу үшін қайтпас қайсар батырларымыз жан аямай күресті. Елін, жерін жау аяғына таптатпай, сол туған жерінің қадамы үшін басын өлімге тіккен аталарымыздың бойындағы ерен күш, биік рух жеңіске алып келді.

Өткен уақытта бұл өлке нені көрмеді десеңізші! Ғасыр ағынымен қанды шайқасты да, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған бейбіт өмірді де, өзге мемлекеттердің үстемдік етіп, билік жүргізуін де, бірін-бірі жеуге дейін барған аштық заманды да, табиғаттың дүлей күшін де, бәрін-бәрін көрді, келешек ұрпаққа жетуі үшін тасқа қашап, хатқа қаттап, бәрін мәңгі өшпестей сақтап жазды.



Қазақ халқының іргесі сөгіліп, бірлігі мен ынтымағы кетпеуі жолында дала заңгерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер тер төкті. «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Бірлігі жоғары елді жау алмайды» деген қазақ халқының мақалдары да халқымыздың қашан да жұмыла бірлесіп ел тізгінін өзгеге бермегеніне дәлел бола алды. XX ғасыр да қазақтар үшін өзінің қанды қылышын сүйретіп жетті. Бейбіт өмір орнап, жағдайымыз түзелді-ау деген шақта еліміз

кеңестік биліктің қатал ықпалына түсті. Сонда да тайынбай, еңсесін түсірмей тәуелсіздік алағынына сенімін жоғалтпаған ержүрек халқымыздың арасынан шыққан зиялы қауым өкілдері биліктің бұрыс жақтарын беттеріне басып, кемшіліктерін әшкерелеп, мемлекеттің еркіндігіне қол жеткізуге әрекет еткені үшін өлім жазасына дейін кесілді. Мұны құлағымен естіп, көзімен көріп отырса да өзге жастар айтқанынан қайтпай, батыр баба ұрпағы екенін танытып, туған жерін өз жанынан биік қойды.

Тәуелсіздік жолындағы күрестердің бірі де бірегейі 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі. Қазақ жастары билік басшыларының шешімімен келіспегендіктен нара-



президенті болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланып, еліміздің шынайы тарихының ақтаңдақ беттері ашылды, егемен ел азаматтарының құқықтарын, мемлекет заңдарын анықтайтын Конституция қабылданды. Әлем елдері тізімінде жаңа мемлекеттің аты жазылды. Қаншама жылдар бойына тәуелсіздікті армандап келген ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалды. «Тарихты жеңген жазады»-дейді емес пе, ендеше біздің ғасырлар бойы күрескен жеңісіміз көрінді. Ұлттық валютасы, әнұраны, туы және елтаңбасының пайда болуы, көгінде қыран еркін шарықтаған Қазақстанның ешкімге бағынышты емес екенін дәлелдеді. Тіл — ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі емес пе? Осыны ескерген көреген Елбасымыз мемлекеттік тілді қазақ тілі деп бекітті. Тәуелсіздік алуымыздың арқасында қаншама жыл бойы өзгіге түскен ана тіліміз қайта жаңғырды.

Бүгін тәуелсіздік алғанына 30 жыл толып отырған Қазақстан Республикасы тәуелсіз, еңсесі биік, басқа дамыған мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең егеменді мемлекет болып қалыптасты. Ата-бабамыздан қанмен берілген өжеттік, қайсарлық сияқты қасиеттер болашақ ұрпақты да тек алға, жаңа белестерге жетелейтіні анық. Шығыстан алтын күн нұрын төгіп, еркіндіктің самалы ескен осы кезеңнің баянды болатынына кәміл сенемін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай, ағайын!

**Бегазы Кенжебеков,**  
*«Приозерский вестник» газетінің бас редакторы*

**Қазағымға бұдан басқа не керек?..**  
**Алашыма туысқанмын, жаранмын,**  
**Ғасырларғы орны бітті жаранмын.**  
**Тәуелсіздік арқасында мінеки,**  
**Тарихи Отанымға орадым.**

**Бар әлемге айқындаған атағын,**  
**Өз елімінің суын, тұзын татамын.**  
**Татулық пен келісімнің ордасы,**  
**Жаса мәңгі, Қазақстан – Отаным!**

**Шапқылаған желкілдетіп тұлымын,**  
**Әзелден-ақ мен қазақтың ұлымын.**  
**Аңсап күткен бабаларым кешегі,**  
**Тәуелсіздік, мәңгі болсын,**  
**ғұмырың!!!**

**Нұрғали,**  
**ҚАРАБЕКТЕГІ**

**Бірлік! Татулық! Достық!**

мен және Қазақстанның тәуелсіздігі күнімен құттықтаймын! Қазақстанның тәуелсіздігі тұғырлы, босағасы берік болып, бейбіт күнде бұдан да ғаламат жетістіктерге қол жеткізе берсін! Ғылым мен өркениет жолында алдыңғы қатарлы елдердің бірі болсын деп тілеймін!

**Перизат Акжигитова,**  
**Приозерск қаласы білім бөлімінің**  
**№ 2 жалпы білім беретін мектебінің**  
**қазақ тілі пәнінің мұғалімі**

**Отыз жыл ғой, тәуелсіздік келгелі,**  
**Отыз жыл ғой, егемендік енгелі.**  
**Өз басыма бақыт келіп қонғасын,**  
**Қайтем сынап алыстағы өңгені.**

**Отыз жыл ғой, бақыт басын**  
**бұрғалы,**  
**Отыз жыл ғой, ел салтанат құрғалы.**  
**Жадыратып жібереді жанымды,**  
**Желбіреген көк туымның тұрғаны.**

**Отызыншы Тәуелсіздік таңы атты,**  
**Бар ғаламға шуақ-нұрын таратты.**  
**Қазақ елі – бірге жүріп тойлайық,**  
**Ән мен жырға, күйге бөлеп алапты.**

**Міне, бүгін тотыдайын тарандым,**  
**Жазылғаны жүректегі жарамның.**  
**Тәуелсіздік деген осы ұлы сөз,**  
**Арманы еді өтіп кеткен бабамның.**

«Тұңғыш президент күні» 2011 жылдың 10 - желтоқсанында парламент сенатының отырысында қолдау тауып, атаулы күн болып бекітілген тарихи маңызы бар мереке.

Міне, содан бері «Тұңғыш президент күнінің» Республика көлемінде тойланып келе жатқанына 10 жыл, қазақ халқының өз шекарасын бекітіп, өз алдына ел болып қалыптасқанына, яғни дербес Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр.

Осындай айтулы күндерді мемлекет көлемінде биік дәрежеде атап өту – қиын -

**О Т Ы З Ж Ы Л**

манайды.  
Бережелі, мерекелі еліме,  
Кейбір сұқ көз қызғанышпен  
қарайды.

Дастарқандар жайылып тұр жайнап  
бір,  
Ет асылып, самаурындар қайнап  
тұр.  
Азаттықтың арқасында балалар,  
Аландарда асыр салып ойнап жүр.

Тәуелсіздік!..  
Керемет қой, керемет!..  
Шекараны шегендедік, шегелеп.  
Ұйқым тыныш, еңбек етем,  
оқимын...

Гүлдер қандай әдемі еді ашылған,  
Шуақты күн, әппақ әлем, жасыл  
маң...  
Осы күнге жету үшін қаншама,  
Қазағымның қаны судай  
шашылған?!

Міне, бүгін тәуелсізбін, азатпын,  
Шыққан тыныш әр күніме мәз-  
ақпын.  
Өз тілінде еркін сөйлей алатын,  
Алашұлы аталатын қазақпын.

Атып жатыр таңым әппақ арайлы,  
Қуаныш пен шаттық басқан

**ЕЛІНЕ АДАЛ ЕЛБАСЫ**

қыстау, аласапыран шақтарда ел билігін қолға алып, сан жылдар бойы сан қауіп - қатерге ұрындырмай, халқын бейбіт түрде басқарып келген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген құрметі, алғысы деп білеміз. Екіншіден, ғасырлар бойы бабалар аңсаған асыл мұратымыз - тәуелсіздік, елдігімізге деген зор бағамыз, қадір - қасиетіміз.

Олай болса, талай қиын кезеңдерді бастан өткеріп, ұлт болып қалыптасу жолында

Нұрсұлтан Назарбаевтің атқарған орасан зор еңбегін атап өту бүгінгі ұрпақтың парызы. Сондықтан қазақ елінің тарихи жолында елін соғыссыз, қантөгіссіз өркениетке жете-леп, бейбіт өмір сүруге жұмылдыра білген Елбасымыздың еңбегі мен орны ерекше.

Қай кезде де ел тыныштығы мен бірлігін, татулығы мен достығын ту етіп, Қазақстан елін қалыптастыра білген Нұрсұлтан Әбішұлына алғыс білдіре отырып, барша Қазақстан жұртын Тұңғыш президент күні-



9-желтоқсан күні «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың Қазақ Республикасының 30 жылдық мерейтойы қарсаңында және қаламыздың 65 жылдығына орай қаламыздағы қандастар өкілдерімен кездесті. Қала әкімі кездесуге жиналғандарды мерейтойлармен құттықтады.

—Құрметті қандастар, еліміз тәуелсіздік алғалы бері миллионнан астам қандастарымыз қазақ жеріне оралды. 90-жылдары басталған Ұлы көштен біздің қаламыз да шет қалған жоқ. Тарыдай шашыраған қазақтың елге оралуы, қандастар көші-қоны — әлемде сирек кездесетін ірі оқиға, қазақ тарихында алтын әріппен жазылуға татитын маңызды парақтар, тәуелсіздік жылдарының тамаша жемісі болды. Бүгінде қандастар арасынан шыққан өнер адамдары, мықты кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер мен ұстаздар, медицина қызметкерлері т.б. кәсіп иелерінің еңбектегі жетістіктері жетерлік. Ондай жандардың есімін ондап айта аламыз. Мен бүгінгі таңда елге келіп, қазық қағып, үйлі-жайлы болам, Отанымға қызмет етемін деген қандастарымызға тірек болуды басты міндетіміз деп білемін, — деген әкім кезекті марапаттау рәсіміне берді.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын және Приозерск қаласының 65 жылдығын мерекелеуге орай Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хаттарымен Приозерск қаласы № 1 мектебінің ағылшын тілі пәні оқытушысы, ардагер ұстаз Зулейха Гузарова, осы мектептің орыс тілі оқытушысы Орынбек Орынбасарұлы Әйтпенбетов, «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС жүргізушісі Өмірзақ Қарақұлов, зейнеткер Қырым Беласарұлы Көпжасаров, зейнеткер Бақытхан Оржай, зейнеттегі медбике Хадиша Ернияқызы Орынбасарова, Ішкі істер ардагері Шарапат Талапбайұлы Қонысбаев, «Сарышаған Сужылу-2014» ЖШС мемлекеттік сатып алулар бойынша маманы Кенжебай Ұлмаханұлы Үмбет-

## МЕРЕКЕАЛДЫ КЕЗДЕСУЛЕР

құлов, жеке кәсіпкер, көп балалы ана Жансұлу Файзоллақызы Нұрлыбаева, зейнеткер Тәңірберген Кұдайбергелі Гузаров, зейнеткер, қажы Махмұд Рахатұлы Оразымбетов және акын, ҚР журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі марапатталды.

Кездесу соңында З.Гузарова, О.Әйтпенбетовтер құттықтау сөз сөйлеп, құрметтеп отырған қала әкіміне ыстық ықыластарын білдірді.

\*\*\*

Осы күнгі кешкілік кездесуге Құрметті азаматтар, мемлекеттік қызмет және сала ардагерлері, спортшылар мен олардың жаттықтырушылары, Тәуелсіздік құрдастары қатысты. «Осындағы жас спортшылар, тәуелсіздік құрдастарын ардагер ата-әжелерімізбен бірге жинауымыздың басты себебі, сіздердің осы кісілердің өмірі мен жетістіктерінен үлгі-өнеге алсын, ғибратты сөздерін естісін деген ниетім. Құрметті ардагерлер! Сіздердің қаланың дамуы мен өркендеуіне бар күш-жігерлеріңізді салып, осындай құрметке бөленгендеріңіз өздеріңіздің қажырлы еңбектеріңіздің, елге адалдықтыңың арқасы деп білемін. Сондықтан бүгінгі кездесуде Сіздерге бас иеміз және құрметтейміз» — деді әкім өзінің құттықтау сөзінде.

Алғыс хат және естелік сыйлықтар Қазақстан Республикасының Құрметті азаматтары Сайлау Смағұлұлы Қарабеков пен Марс Әбұлды Сүлейменов, Приозерск қаласы білім саласының ардагері, қаланың Құрметті азаматы Тамара Львовна Абрамова, мемлекеттік қызмет ардагерлері Жарас Қармысқызы мен Бақытгүл Нұржақызы Ізтелеуова, коммуналдық қызмет ардагерлері Есенгүл Мәмбетқызы Жылыбекова мен Махамбет Қалымбетұлы Ерімбетов, спортшылар Бекзат Тауджаров, Венера Қурац пен Аслан Төлеу, паурлифтинг бойынша чемпион Айдана Уасбай, жаттықтырушылар Асылхан Кенжаұлы Тухтаев, Бейбіт Үмбетқұлов, Әлібай Артелбайұлы Сәдуақасов, Алмаз Оспанов, тәуелсіздік құрдастары Айдана Бекайдарқызы Бейсекеева, Сорочкина Юля Юрьевна, Ақжол Сайлауұлы Қарабеков, Алмас Кабегенұлы Дүйсеменов, Гаухар Кеңесбайқызы Сабденбекова, Разия Жолдасбайқызы



Турабаева, Айнұр Несіпбайқызы Асанова, Гүлбану Мадиевқызы Сүлейменова және қала әкімдігінің баспасөз хатшысы, тәуелсіздік құрдасы Жәнібек Амантайұлы Сұлтаналиевке табысталды.

Өз кезегінде ардагерлер Сайлау Қарабеков, Тамара Львовна және Әлібай Артелбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, мерекелен құттықтады және осындай маңызды кездесулерді ұйымдастырып отырған қала әкімі мен ұжымына алғыстарын айтты.

\*\*\*

Қала әкімімен болып жатқан кездесулер желтоқсанның 14-жұлдызында «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының үлкен мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Приозерск гарнизонына қарасты әскери бөлімдерінің әскери қызметшілерімен жалғасын



тапты.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, қаланың 65 жылдығына арналған мерейтойлық кездесуді Приозерск гарнизонының бастығы — 06708 әскери бөлімінің командирі Есжан Оралбекұлы Батырбеков ашып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалғаннан кейін «Тәуелсіз Қазақстан және егеменді еліміздің айбынды армиясы!» тақырыбында баяндама жасады.

Мерекелік алғашқы құттықтау сөзді Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Дастан Шұғайұлы Сәденовке берді. Сонымен қатар Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков мерейлі мерекелермен құттықтады. Осы екі тұлғаға Приозерск гарнизоны әскери басшылық құрамы тарапынан Алғыс хаттар табысталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және қаланың 65 жылдығы мерекелерімен әріптестерін 18405 әскери бөлімінің командирі, полковник Ержан Аянбекұлы Сазбаев, 44841 әскери бөлімінің командирі, подполковник Үмбетәлі Серікұлы Бектаев және 60601 әскери бөлімінің



командирі, подполковник Данияр Нұрланұлы Қырықбаевтар құттықтап, мерекелік марапаттар табыстады.

06708 әскери бөлімінен қала әкімінің Құрмет грамотасымен запартағы подполковник Кириллов Игорь Николаевич, қалалық мәслихат хатшысының грамотасымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналы Қойлыбаев Дархан Заурұлы, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалімен майор Пронягин Дмитрий және Джалханов Рахат марапатталды. 44841 әскери бөлімінен қалалық мәслихат хатшысының грамотасымен 44841 әскери бөлімінің әскери қызметшілердің отбасы және отбасы мүшелерімен жұмыс істеу қызметі ұжымынан Мурзахметова Мастура Шариповна және капитан Жумабаев Даурен Ермекович, бөлім командирінің грамотасымен лейтенант Тлеухан Ербулан Қыдырәліұлы мен Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаз, қатардағы жауынгер Усман Олжас Сафарұлы марапатқа ие болды.



60601 әскери бөлімінің командирі Қырықбаев Данияр Нұрланұлы кезекті «полковник» шеніндегі әскери атағын алды. Қалалық мәслихат хатшысының грамотасымен подполковник Кирьянов Дмитрий Владимирович 3-ші сыныпты сержант Абсаматов Сулейман Есенманович «Халық алғысы» медалімен, аға сержант Таутибаев

(соңы 3 бет.)

## ТОЛЬКО ВМЕСТЕ МЫ СМОЖЕМ ПОСТРОИТЬ ЭФФЕКТИВНОЕ ГОСУДАРСТВО И СПРАВЕДЛИВОЕ ОБЩЕСТВО – ПРЕЗИДЕНТ РК

НУР-СУЛТАН. КАЗИНФОРМ - Только вместе мы сможем построить эффективное государство и справедливое общество. Об этом заявил Президент РК Касым-Жомарт Токаев на торжественном мероприятии, посвященном 30-летию Независимости, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Только вместе мы сможем построить эффективное государство и справедливое общество. Только вместе мы обеспечим последовательный рост благосостояния всех граждан», — сказал Касым-Жомарт Токаев. Глава государства добавил, что только сообща мы сможем возвысить здание нашей священной Независимости, укрепим суверенитет и влияние нашей страны в стремительно меняющемся мире.

Ранее Глава государства обозначил достижения Казахстана за годы независи-



### К 30-летию Независимости

мости. «Серьезных успехов наша страна достигла в развитии регионов, транспортной инфраструктуры, социальной сферы. Построено и реконструировано 13 тысяч километров автодорог и 2 700 километров железнодорожных путей», — отметил Касым-Жомарт Токаев.

Президент добавил, что в Казахстан привлечено более 370 млрд долларов прямых иностранных инвестиций. «По этому показателю на душу населения мы опережаем все постсоветское пространство и ряд восточноевропейских стран».

Международные резервы Казахстана составляют свыше 90 млрд долларов, — проинформировал Касым-Жомарт Токаев. Напомним, в Нур-Султане началось торжественное мероприятие с участием Президента РК Касым-Жомарта Токаева, посвященное 30-летию Независимости страны. В этом году народ Казахстана в 30-й раз отмечает День Независимости.

Источник: <https://www.inform.kz>

## МЕРЕКЕАЛДЫ КЕЗДЕСУЛЕР

(соңы басы 2 бет.)

Алмабек Оразақынович «Қарулы Күштердегі мінсіз қызметі үшін – 20 жыл» медалімен, аға сержант Айкенов Еркін Мухтариятович «Қарулы Күштердегі мінсіз

әкімнің арнайы Алғыс хаты мен естелік сыйлық табыстады. Жүргізушілер: Приозерск қаласының әкімі Сапар Сатаевтың «Гүля Кеңесқызы Қасымова және Приозерск қаласы білім бөлімінің ұжымы! Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіз-

2 жалпы білім беретін мектебінің ұжымы, Айткуль Жеңісқызы Құлмағанбетова және «Айналайын» бөбекжайының ұжымы, Жүзімова Эльмира Бердіқұлқызы және «Балбөбек» бөбекжайының ұжымы, Гүлжанат Ерсайтқызы Исиркова және «Балақай» бөбекжайының ұжымы, білім саласының ардагерлері Малеваная Мария Андреевна, Шахсия Аңсарқызы Таирова марапатталды.

Жаңа Қазақстандық Қоғам құру ісінде табысты еңбек етіп, қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқан төмендегі азаматтар марапаттарға ие болды: №2-жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі Алтынай Сабыржанқызы Рахманқұлова, №1 мектеп тазалаушысы Жамила Сейділлақызы Мамутова, «Балақай» бөбекжайының тәрбиешісі Назира Куконбайқызы Шантиева, «Айна-



қызметі үшін – 15 жыл» медалімен, капитан Жасузаков Жанибек Асилханұлы «Қарулы Күштердегі мінсіз қызметі үшін – 10 жыл» медалімен марапатталды. Сонымен бірге барлық әскери бөлімдердің әскери қызметкерлері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын және Приозерск қаласының 65 жылдығын мерекелеуге орай әскери бөлімдердің лайықты марапаттарын алды. «Приозерский вестник» қалалық газетінің бас редакторы Бегазы Алшынбекұлы Кенжебеков пен газеттің арнаулы тілшісі, ҚР журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегіне атаулы мерекелерге орай және Приозерск гарнизонындағы әскери қызметшілердің тыныс-тіршілігін қалалық баспасөзде жариялағаны және қаламгерлік еңбектегі белсенділігі үшін мадақтаманы гарнизон бастығы Е.О. Батырбеков тапсырды.

Мерекелді кездесу соңында қала және әскери бөлімдер өнерпаздарының арнайы дайындаған мерекелік концертін тамашалады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын және Приозерск қаласының 65 жылдығын мерекелеу аясында өткізіліп отырған мерекелік жиынның, қала әкімімен кездесудің нүктесін қаладағы білім саласының ұстаздары және тәрбиешілерімен болған басқосу қойды. Алғашқы құттықтау сөз қала әкімі Сапар Қайыкенұлына беріліп, білім бөлімінің басшысы Гүля Кеңесқызы Қасымова мен барлық ұстаздар қауымын құттықтады және

дігінің 30 жылдық және Приозерск қаласының 65 жылдық мерекесімен құттықтай отырып, еліміздің рухани және әлеуметтік даму жолында жеткен жетістіктеріне, бағындырған белестеріне өздеріңіздің кәсіби шеберліктеріңіз бен адал еңбек-



теріңіз арқылы қосқан үлестеріңіз үшін алғыс білдіремін! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болып, елдігіміздің көк байрағы мәңгілік желбірей берсін!», - деген құттықтау мәтінін оқып берді.

Осындай Алғыс хаттар және естелік сыйлықтармен: Панар Айдарханқызы Жұмаханова және Приозерск қаласының №1 жалпы білім беретін мектебінің ұжымы, Алтынбекова Қарлығаш Сериковна және №



лайын» бақшасының шаруашылық меңгерушісі Жаңагүл Мұзафарқызы Исманбетова.

Қарағанды облысы білім басқармасының Құрмет грамотасымен: №1-жалпы



білім беретін мектептің қазақ тілі, әдебиеті пәні мұғалімі Майра Құсалиқызы Магикулова, №2 мектептің ағылшын тілі мұғалімі Әйгерім Саматқызы, осы мектептің тарих пәні мұғалімі Тамара Бералықызы Кенжебаева, Қарағанды облысы білім



басқармасының Алғыс хатымен: Саягүл Тұрғанқызы Ахметова – Приозерск қаласы білім бөлімінің бас маманы, Перизат Ізімханқызы Шойбекова – Приозерск қаласы білім бөлімінің әдіскері, Айгүл Назарханқызы Лұқманова – Приозерск қаласы білім бөлімінің референті.

№1-мектептің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, жас ұстаз Естай Еламанұлы Өмірзақов және №2 мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбекова әріптестерін мерекелерімен құттықтады. Мерекелді кездесуге қатысқандар алдында №2 мектептің көркемөнерпаздар ұжымы концерттік бағдарламасын көрсетіп, жиылғандарды көтеріңкі мәңгілікке бөледі. Осы күнгі кешпен қала әкімінің кездесуі аяқталды.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тіл



### К 30-летию Независимости

КАРАГАНДА. КАЗИНФОРМ – В Караганде проходит акция «Лента независимости», посвящённая значимой юбилейной дате. В преддверии празднования 30-летия Независимости Республики Казахстан старт был дан в областной специализированной школе-колледже-интернате олимпийского резерва имени Алии Молдагуловой. Затем эстафету приняли другие культурные и образовательные организации, передаёт корреспондент МИА «Казинформ».

«Лента независимости» путешествует по региону. Встречи состоялись не только в областном центре, но и в школе имени Оспана Алибая Жанааркинского района. Акция продолжается при спонсорской поддержке клуба «Казак жіттері». На встречах организаторы акции рассказывают о великих деятелях и их заслугах в достижении независимости. Участникам раздают ленты независимости.

На ленте представлены исторические личности: Моде-каган, ханы Керей и

## АКЦИЮ «ЛЕНТА НЕЗАВИСИМОСТИ» ПОДДЕРЖАЛИ МНОГИЕ КОЛЛЕКТИВЫ В КАРАГАНДЕ

Жанибек, Абылай-хан, Кенесары-хан, Алихан Бокейхан. Также отражены исторические даты. Кроме того, изображены карта Республики Казахстан в нынешних границах и штандарт Тюркского каганата. «Символ Золотого человека означает, что казахская история тесно связана с периодом саков. Важные вехи: 552 год – основание Тюркского каганата; 1465-й – основание Казахского ханства; 1917-й – образование правительства Алаш Орды; 1991 год, когда страна обрела независимость. Книга и восходящее солнце символизируют будущее Казахстана. Национальный орнамент, обрамляющий ленту, призывает хранить национальную культуру и традиции», – пояснили инициаторы акции.

По словам организаторов, акция приурочена и к другим историческим датам,



которые совпали с 30-летием Независимости страны. Это 1375-летие со дня рождения Тоныкока, одного из основателей второго Восточно-Тюркского каганата; 1340-летие со дня рождения Бильге-кагана, правителя Восточно-Тюркского каганата; 310-летие хана Абылая; 180-летие восстановления Казахского ханства; 155-летие Алихана Бокейхана; 130-летие Алимхана Ермека и другие.

«Лента независимости» – это один из проектов, направленных на пропаганду национальных ценностей.

Источник:  
<https://www.inform.kz>



Жылдық есеп тыңдалды

Коррупции – нет!

## ҚАЛАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ӨЗ ЖҰМЫСЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Приозерск қаласының Қоғамдық кеңесі ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының жаңа нормаларының орындалуы туралы 2021 жылдың қорытындысы бойынша төмендегі жұмыстарды атқарды:

1) 2021 жылдың басынан бері Қоғамдық кеңестің қарауына жолданған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың нормативтік-құқықтық актілері бойынша Қоғамдық кеңестің тарапынан ұсынымдар болған жоқ;

2) жыл басынан 8 мемлекеттік органның есебі талқыланып қабылданды, олар:

-Приозерск қаласы орталық ауруханасының жұқпалы аурулардың, туберкулездің, коронавирустық инфекцияның алдын алу бойынша жұмысы, халыққа қызмет көрсетуді жақсарту туралы есебі;

-«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызмет көрсетілу жағдайы туралы есебі;

-«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік атқарған жұмысы, келіп түскен материалдарды зерттеу және ұсыныстар беру туралы есебі;

-«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атқарған жұмысы туралы есебі;

-«Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атқарылған жұмыстары туралы есебі;

-Қарағанды облысы ПД Приозерск қаласы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің атқарылған жұмыстары туралы есебі;

-Приозерск қаласы әкім аппаратының Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің мемлекеттік қызметтерді көрсетудің проблемалық мәселелерін, олардың туындау себептерін жоюға, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар туралы есебі;

-Приозерск қаласы әкім аппаратының мемлекеттік қызметтер көрсетуді бақылау және ақпараттық технологияларды дамыту

бөлімінің мемлекеттік қызмет көрсетілу жағдайы туралы есебі.

3) жыл басынан жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштер болған жоқ;

4) Қоғамдық кеңестің отырысында Құқық қорғау органдарынан Қарағанды облысы ПД Приозерск қаласы ПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің атқарылған жұмыстары туралы есебі талқыланып, қабылданды;

5) жыл басынан ұсыным беру туралы 19 құжат қабылданып, мемлекеттік органдарға жіберілді;

6) Қоғамдық кеңес мүшелері конкурстық комиссияларға қатысу үшін бекітілмеген;

7) өз қызметі туралы жылдық есепті бұқаралық ақпарат құралында жариялау әр тоқсанға жоспарланып отыр. Қалалық мәслихат сайтында «Приозерск қаласының қоғамдық кеңесі» қосымшасы бар, сол қосымшаға қоғамдық кеңестің құрамы, ережесі, отырыстарда қандай мәселелер қарастырылғандығы үнемі енгізіліп отырады;

8) бүгінгі күнге қалалық Қоғамдық кеңестің сандық құрамы 9 адамнан тұрады;

9) қалалық мәслихаттың үш жылдық бюджетінде Қоғамдық кеңесті қамтамасыз етуге қаражаттың қарастырылуына бюджеттік өтінім жіберілді, Қоғамдық кеңестің хатшысы осы жылдың шілде айынан қабылданды.

Қоғамдық бақылауды жүргізу үшін осы жылы сыртқы сарапшылар тартылған жоқ.

Қоғамдық кеңестің кеңсе (канцеляриялық) шығыстары қарастырылып, Қоғамдық кеңес мүшелері куәліктермен қамтамасыз етілген.

10) Қоғамдық кеңестің жұмыс топтары қала мектептерінде дәретханалардың, душ бөлмелерінің жай-күйі, оның ішінде даладағы дәретханалардың болуы және қаланың көлік жүретін көшелерінің асфальт жамылғысы мен тротуарларының жай-күйін зерттеп Қоғамдық кеңес отырысының талқылауына салды.

**Б. Кенжебеков,**  
Приозерск қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

## АРМИЯ БЕЗ КОРРУПЦИИ !

Коррупция, являясь глобальной проблемой современности, сегодня в той или иной степени существует во всех странах мира. Не обошло стороной это явление, к сожалению, и нашу страну. Руководством страны принимаются различные меры по искоренению коррупционных правонарушений.

был определен перечень должностей войсковой части 44841 с высоким риском совершения коррупционных правонарушений, а также определены мероприятия по контролю за деятельностью должностных лиц, занимающих эти должности. Особое внимание направлено на контроль деятельности лиц, связанных с



Коррупция разлагает и расшатывает государство изнутри, сводит на нет инициативы и достижения. Это угроза национальной безопасности. Вооруженные силы стоят на страже безопасности нашей республики, ее интересов. Поэтому коррупция в воинской среде – совершенно недопустимое явление, поскольку оно ставит под угрозу безопасность страны.

Этимологический подход к содержанию понятия "коррупции" позволяет определить последнюю как "подкуп", "взятку", исходя из латинского слова "corruptio". В римском праве имеется также понятие "corruptio", которое трактовалось самым общим образом, как "разламывать, портить, разрушать, повреждать, фальсифицировать, подкупать" и обозначало соответствующее противоправное действие. Толковый словарь русского языка характеризует коррупцию как подкуп взятками, продажность должностных лиц.

Противодействие коррупции в войсках является одним из приоритетов деятельности командования части и командования подразделений. Важная роль в воинской части в этих процессах отводится командиру части, который должен контролировать все, что происходит в воинской части, быть примером поведения и принципиальным в отношении проступков, совершенных подчиненными.

Одна из главных задач комиссии – пресекать, то есть не допускать любые коррупционные правонарушения в части.

Для противодействия данному явлению в войсковой части 44841 реализуется система мероприятий по профилактике коррупционных проявлений. В частности,

финансово-хозяйственной деятельностью части.

В целом, работа комиссии Приозерского гарнизона направлена на то, чтобы у военнослужащих не возникало желания преступать закон. Фактов совершения коррупционных правонарушений в войсковой части 44841 не имеется. При выявлении сотрудниками военной прокуратуры даже малейших нарушений законности все внесенные акты реагирования рассматриваются на служебных совещаниях командования части с обязательным участием сотрудников военной прокуратуры. Организовано тесное взаимодействие с правоохранительными органами города при проведении антикоррупционных мероприятий в целях повышения правовой осведомленности военнослужащих и обмена соответствующей информацией о фактах коррупции в армии.

Кроме этого, постоянно действует межведомственное совещание военных органов управления и уголовного воздействия Приозерского гарнизона по взаимодействию в борьбе с преступностью.

Таким образом, результатом этой работы стало обеспечение защиты интересов государства и прав граждан от коррупционных посягательств, создание в части атмосферы нетерпимости к коррупционным проявлениям, повышения правового самосознания и принципа неотвратимости наказания за совершённые проступки.

**Б.Ондасын,**  
заместитель командира роты по ВиИР войсковой части 44841, старший лейтенант

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

Приглашаем вас посетить наш бутик "Золушка", расположенный на центральном городском рынке.

Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации "Сибирское здоровье".

Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу.

Также, наш бутик является точкой бесплатного распространения местной газеты "Приозерский вестник"

Контактный телефон: 8-777-103-8589

Инстаграмм: zolushka\_kor



### ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРИЕМЕ НА РАБОТУ



Командование в/ч №18405 МО РК ("База") объявляет о приеме на работу во вневедомственную охрану на вакантные должности лиц мужского и женского пола, возрастной категории от 20 до 50 лет из числа жителей города Приозерск и пос.Сары-Шаган. Штатная должность и размер заработной платы уточняйте при собеседовании.

Контактный телефон для справок: 8747-2864367

### НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Калауовой Парида Алиматовны, умершей 11 июля 2021 года.

Наследникам, а также физическим и юридическим лицам, к которым Калауова Парида Алиматовна имела обязательства, обращаться к нотариусу Карабекову С.С. по адресу: Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов, дом 1 "Центр по обслуживанию населения филиала НАО "Государственная корпорация "Правительство для граждан", офис 2. Справки по телефону 5-45-94; +7 701 475 9101; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 50/746. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041